

№2 Педагогикалық кеңес
ХАТТАМАСЫНАН үзінді

Өткізілген күні: 28.11.2025ж.

Қатысқаны: 23

Қатыспағаны :7 (ауырып жатқандар)

Тақырыбы:

«Шынықсаң шымыр боларсың»

Мақсаты: Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-
меңгеруші.

2. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне анықтама-әдіскер.

3. Баяндама «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның
атқаратын рөлі»-Ж.Юсупова

4. Іскерлік ойын:

* Сұрақ-жауап

* «Аударма» педагогикалық жаттығулар

* «Ұлттық ойындар сиқыры»-практикалық жұмыс

* Аналар терапиясы

5. Көрме «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»-массажды
жолдар.

6. Тренинг «Көңілі көтеріңкі педагогтің, еңбегі де жемісті»-психолог

1. Балабақша меңгерушісінің м.а. Ә.С.Ахмет педагогикалық кеңесті
ашып, күн тәртібімен таныстырды. Педагогтер мен тәрбиешілерді бүгінгі
кеңеске белсене қатысуларын, өз ойларымен ашық бөлісулерін
сұрады. Ә.Ахмет педагогикалық кеңеске қатысушыларды № педагогикалық
кеңестің шешімдерінің орындалуымен таныстырды.

№ 1 Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-
туралы

ШЕШІМ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдері толық қанағаттандырарлық
деп қабылдансын.

2. Аталған жұмыстар жыл бойы жүргізілсін.

Бірінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің орындалуы туралы инновация
әдіскері Г.Кульджанова толық ақпарат берді.

2. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері туралы

ШЕШІМ:

1. №2 педагогикалық кеңеске арналып өткізілген оқу іс-әрекеттері
жақсы деп бағалансын.

2. Оқу іс-әрекетіне керекті көрнекіліктер толықтырылсын,

3. Көрсетілген кемшіліктермен жұмыстар жүргізілсін.

Екінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

3. «Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі»- атты баяндаманы жүзу нұсқаушысы Ж.Юсупова оқыды. Баяндамада отбасының бала денсаулығындағы рөлі толық ашып айтылған. Ата-аналар үлгі болып, салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігіне тоқталды. Балалармен ата-аналар қандай жұмыстар және қалай өткізу керектігі айтылды.

Бала денсаулығының жақсы болуына жалпақ табандылықтың да әсері бар екені туралы балабақша медбикесі Ә.Рамазанова айтып берді. Жалпақ табандылықтың алдын алу туралы іс-шараларға тоқталып, ата-аналарға тәрбиешілердің қандай кеңес беру керектігіне тоқталды. Сонымен қатар менингит, қызылшы аурулары туралы тоқталып өтті. Балабақшада фитошай берілмейтінін атап, көкөністен салаттар мен жемістердің берілетінін айтып өтті.

Балалардың денсаулығын нығайтуға ұлттық ойындардың да үлесі бар екеніне дене тәрбиесі нұсқаушысы Л. Төлебай тоқталып өтті. Ұлттық ойындар балаларды шапшаңдыққа, төзімділікке, ептілікке, мергендікке шынықтырады. Осы бағытта ұлттық ойындардың маңызы туралы ата-аналар арасында насихаттауды, оқу іс-әрекеттерінде қолдануды жөн деп санайтынын айтты. сондай-ақ балалардың денсаулығын нығайтуда дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды қолданудың тиімді пайдасы барына тоқталды. Дәстүрден тыс құралдармен қандай жаттығулар жасау керектігіне тоқталып, педагогтермен іс жүзінде жаттығуларды көрсетіп, тәжірибе алмасты.

«Бала дене бітімінің дұрыс қалыптасуында ойынның атқаратын рөлі» туралы

ШЕШІМ:

1. Баяндама толық ашылып, берілген кеңестерді жұмыс барысында қолданылсын-жыл бойы.
2. Ұлттық ойындарды оқу іс-әрекеттерінде, серуенде, бос уақыттарда қолданылсын, керекті атрибуттар дайындалсын.
3. Денсаулық бұрыштарында ата-аналарға арналған ақпараттар берілсін.

Үшінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

Іскерлік ойынды тақырыпқа сай инновация әдіскері Г.Кульджанова өткізді. Ойын өте қызықты болды. Тәрбиешілер өздерінің білімдерімен, тапқырлықтарымен көзге түсті. Ойын 4 кезеңнен тұрды.

*Сұрақ-жауап

*«Аударма» педагогикалық жаттығулар

* «Ұлттық ойындар сиқыры»-практикалық жұмыс

*Аналар терапиясы

4. «Іскерлік ойынды» -туралы

ШЕШІМ:

1. Іскерлік ойын- тақырыпқа сай ұйымдастырылған деп саналсын.
- 2, әр педкеңесте, әдістемелік отырыстарды дәстүрден тыс өткізілсін.

Төртінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

5.Көрме «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»-массажды жолдар көрмесі ұйымдастырылды.

Әр топ тәрбиешілері күнделікті қолданып жүрген көрнекіліктерін әкеліп,тәжірибелерімен бөлісті. Шынықтыру жолдары әр түрлі заттардан жасалған.Бұл жолдармен балалар ұйқыдан тұрғаннан кейін жүреді,ояну жаттығуларын жасайды. Бұл да бала денсаулығын нығайту жұмыстарының бір түрі.Әр топ тәрбиешілері осы жолдармен балалардың денсаулығын нығайтуға септігін тигізетін жаттығулар түрлерін көрсетті.

Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»-массажды жолдар көрмесі туралы

ШЕШІМ:

1. Баланың денсаулығын нығайтуға арналған көрнекіліктер топтарда,спорт залда толықтырылсын,жыл бойы.
2. Массажды жолдар үнмі қолданылсын.

Бесінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

6.Балабақша психологы Д.Каратаева «Көңілі көтеріңкі педагогтің, еңбегі де жемісті»-психологиялық сәт өткізді. Психологиялық сәт сәтті өтті.

«Көңілі көтеріңкі педагогтің, еңбегі де жемісті»-психологиялық тренинг туралы

ШЕШІМ:

1. Балабақшада өткізілетін іс-шаралады (жиналыс,педагогикалық кеңес,семинарлар т.б) психологиялық тренингтер өткізілсін,жыл бойы.
2. Өткізілетін іс-шаралар жоспарға сай, қызықты ұйымдастырылсын.

Алтыншы сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы н бақылау инновация әдіскері Г.Қульджановаға қалдырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы :

Педагогикалық кеңестің хатшысы:



Ә.Ахмет

А.Ерлан